



Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы гидрометеорология саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 5 қаңтар N 137-II

Бішкекте 1999 жылғы 17 маусымда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы гидрометеорология саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі,
Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының
Үкіметі арасында жасалған гидрометеорология саласындағы
ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасында 1994 жылғы 30 сәуірде жасалған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы U952332_ шарттың мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып;

ТМД-ға мүше мемлекеттердің гидрометеорология саласындағы өзара іс-қимылы туралы 1992 жылғы 8 ақпандағы келісімнен туындайтын уағдаластықтарды тиімді түрде нақты жүзеге асыруға ұмтыла отырып;

аймақтың гидрометеорологиялық процестерінің бір-біріне тәуелді екенін, болжам

жасау үшін қатысушы-мемлекеттердің үйлестірілген іс-қимылына қажеттілік туындайтын апатты гидрометеорологиялық құбылыстардың пайда болу мүмкіндігін назарға ала отырып;

дамып келе жатқан аймақтық ынтымақтастықты апатты гидрометеорологиялық құбылыстар туындаған жағдайда Тараптардың халықаралық құқық негізінде жедел гидрометеорологиялық ақпарат алуына қажетті көмек көрсетуге таратуға ниет білдіре отырып;

өмір сүрудің қолайлы қауіпсіз жағдайларын және дүлей апаттардан дер кезінде қорғануды қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілікті сезіне отырып;

гидрометеорологиялық процестердің дамуы серпінді сипатта болатынын және олардың мемлекеттік шекарасы болмайтынын, ал гидрометеорологиялық деректерді дұрыс зерделеу әкімшілік немесе өзге де бөлініспен сәйкес келмейтін кең көлемді аумақтардан алынатын ақпаратты пайдалануды қажет ететінін атап өте отырып;

өз елдерінің халқы мен экономикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесі үшін бақылау жүйесінің жұмыс істеуінің, гидрометеорологиялық ақпаратты жүйелі түрде алу және пайдалану жүйесін дамыту мен жетілдірудің маңыздылығын тани отырып және гидрометеорологиялық ақпарат, оның ішінде апатты гидрометеорологиялық құбылыстар туралы ақпарат алмасу саласында келісілген іс-әрекет жасауға ұмтыла отырып;

Бүкіл дүниежүзілік Метеорологиялық Ұйымның (БМҰ) принциптері мен рәсімдері негізінде гидрометеорология саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға зор маңыз бере отырып,
төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Қолданылу аясы

Осы Келісім әлем жетістіктерінің практикасын және Тараптардың әрқайсысының ғылыми-техникалық ынтымақтастығының үрдістерін ескере отырып, гидрометеорология жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіруге қатысты қолданылады.

2-бап

Құзыретті органдар мен хабарлау жүйесі

Тараптардың осы Келісімді орындау жөніндегі құзыретті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жанындағы республикалық мемлекеттік "Қазгидромет" қазыналық кәсіпорыны;

Қырғыз Республикасынан - Қырғыз Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жанындағы гидрометеорология мемлекеттік мекемесі;

Тәжікстан Республикасынан - Тәжікстан Республикасының Табиғат қорғау министрлігінің Гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі бас басқармасы;

Өзбекстан Республикасынан - Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма.

Басқа құзыретті орган тағайындалған жағдайда Тараптар бұл жайында дипломатиялық арналар арқылы бір біріне жазбаша түрде хабарлайды.

Құзыретті органдар Тараптармен келісілген мерзімде гидрометеорологиялық желіні сақтау мен қалпына келтірудің, спутниктік байланыс жүйелерін дамытудың және ақпарат алудың, жедел және режимдік гидрометеорологиялық ақпарат алмасу жүйесін сақтау мен дамытудың кешенді жүйесін құрады. Осы жүйелердің жұмыс істеу шарттары жекелеген ведомствоаралық келісімдермен реттелетін болады.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

Тараптар:

алынатын деректерді кеңістік-уақыт тұрғысынан шешуді қамтамасыз ету үшін станциялардың қазіргі жүйесінің жұмыс істеуін сақтау және оны апатты гидрометеорологиялық құбылыстардың әсеріне ұшырайтын аудандарда дамыту, оның ішінде спутниктік жүйелерді қоса алғанда қоршаған орта мониторингінің қашықтық әдістерін дамыту;

жедел және режимдік гидрометеорологиялық ақпарат алудың, өңдеудің және сақтаудың БМҰ-ның регламентіне сәйкес бірыңғай технологиясын қолдану, оның ішінде деректер базаларын қалыптастыру және осы мақсаттарда пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді алмасу;

салыстырмалы гидрометеорологиялық ақпараттың қажетті дәлдікте болуын және оның дер кезінде алынуын қамтамасыз ету;

төтенше гидрометеорологиялық жағдайлар кезінде хабардар ету;

жедел және режимдік ақпарат, оның ішінде гидрометеорологиялық желі станциялары бойынша бақылаудың дәстүрлі кезеңдері (күнделікті, онкүндік, айлық, жылдық) үшін осындай бастапқы ақпарат алысу міндеттерін орындауға;

төтенше гидрометеорологиялық жағдай қатері төнген кезде уақытша бақылау пункттерін оның құзыретті органдармен келісе отырып көршілес аумақта осындай пункттер ұйымдастыруға;

ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесіп жоспарлауға, жасауға және жүзеге асыруға, ғылыми-техникалық әдебиет, зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен технологиялар алмасуға;

гидрометеорология саласының кадрларын бірлесіп даярлауға;

гидрометеорологиялық приборларды жасау мен өткізу жөніндегі бірлескен тапсырыстар негізінде салалық прибор жасауды дамытуға жәрдемдесуге;

ғылымның соңғы жетістіктері туралы ақпарат, әдістемелік және нормативтік құжаттама алмасуға;

апатты гидрометеорологиялық құбылыстардың алдын алу жөніндегі бірлескен шараларды жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүзеге асыруға (тасып кету қауіпі бар көлдерді тексеруге, мұздықтардың еруін, сел қауіпі бар аудандарды қадағалауға);

жедел-өндірістік жұмыстарды орындау кезінде гидрометеорологиялық станциялар желісінің деректерін өтемсіз пайдалану құқығын бір біріне беруге, Мемлекеттік және мемлекетаралық органдарға үшінші бір тұлғаларға беру құқығынсыз ақпарат тапсыруға бағытталған жүзеге асырылып жатқан ынтымақтастық шеңберінде әлемдік жетістіктерді ескере отырып, жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіруді қамтамасыз етеді;

осы Келісімде көрініс таппаған мәселелер Тараптардың құзыретті органдары арасында жасалған қосымша келісімдерде ескерілетін болады.

4-бап

Көмек көрсету туралы сұрау салу

Тараптар бақылау жасау, қажетті ақпарат алу, біліктілігі әртүрлі деңгейдегі мамандар даярлау, әдістемелік әдебиетпен, оның ішінде бақылау нәтижелерін өңдеу және зерделеу үшін бағдарламалық құралдармен қамтамасыз ету үшін приборлармен, материалдармен жабдықтауда көмек көрсету туралы сұрау салуды жүзеге асырады.

Көмек сұрау салу негізінде беріледі, онда сұрау салушы Тарап қажетті көмектің түрі мен көлемін, оны көрсету шарттарын көрсетеді.

Көмек көрсетуші Тарап сұрау салушы Тараптың өтінішін барынша қысқа мерзім ішінде қарап, оған көмек көрсету мүмкіндігі, көлемі және шарттары жайында хабарлайды.

5-бап

Гидрометеорологиялық бақылау желісінің жұмыс істеуі және көмек көрсету үшін қажет жабдықтарды әкелу, әкету және олардың транзиті кезінде мемлекеттік шекарадан өту шарттары

Биік таулы және жол қатынасы қиын аудандарда, оның ішінде Тараптардың аумағында орналасқан гидрометеорологиялық станциялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажет:

жабдықтарды, приборларды, жанар-жағар май материалдары, азық-түлік өнімдерін әкелу, әкету және транзит арқылы өткізу;

апатты құбылыстардың алдын алу мен олардың етек алуын бақылауға арналған уақытша пункттер ұйымдастыру;

көмек көрсету сұрау салушы Тараптың аумағында оның толық көмегімен жүзеге асырылады;

кедендік төлемдер алу жөніндегі мәселе Тараптардың заңдарына сәйкес әрбір нақтылы жағдайда шешімін табады.

Осы бапта көрсетілген мақсаттарға арналған жабдықтардан, приборлар мен материалдардан өзге қандай да бір құрал-жабдықты тасымалдауға тыйым салынады.

Уақытша жұмыстар аяқталғаннан кейін немесе көмек көрсетілген соң әкелінген жабдықтар сұрау салушы Тараптың аумағынан әкетілуге тиіс. Егер ерекше бір жағдайларға байланысты жабдықтарды әкету мүмкін болмаса, ол сұрау салушы Тараптың құзыретті органына келісілген шарттармен көмек ретінде берілуі мүмкін. Бұл жағдайда берілетін жабдықтардың түрлерін, санын және орналасқан жерін көрсетіп, сұрау салушы Тараптың құзыретті және кеден органдарына хабарлау қажет.

Тасымалданатын жабдықтарды кедендік ресімдеу Тараптардың құзыретті органдары беретін хабарламалар тізбесі (тізімдер, ерекшеліктер) бойынша ықшамдалған түрде Мемлекеттік кеден декларациясын толтыру арқылы жүргізіледі.

6-бап

Әуе кемелерін пайдалану

Апатты гидрометеорологиялық құбылыстардың (тасып кету қауіпі бар көлдерді тексеру, мұздықтардың еруін, сел қауіпі бар аудандарды қадағалау) алдын алу және сұрау салушы Тараптың аумағындағы биік таудағы гидрометеорологиялық станцияларды жарактандыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін әуе кемелерін (ұшақтар мен тікұшақтарды) пайдалану сұрау салушы Тараптың құзыретті органы негіздеме тапсырған жағдайда әрбір Тарап белгілеген тәртіпте берген рұқсатпен ресімделеді.

Сұрау салушы Тараптың құзыретті органы басқа Тараптың тиісті органына әуе кемелерінің тұрпатын, тексеру ауданын, сипатын және жұмыстардың кезеңін көрсетіп, оларды пайдалануға шешім қабылданғаны жайында хабарлайды.

Ұшу сапарлары халықаралық азаматтық авиация ұйымы және Тараптардың әрқайсысы белгілеген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Әуе кеңістігін пайдалану, әуе кемелерінің аэродромға қонуы және ұшуы, радионавигациялық қызметтерге ақы төлеу, отын және әуе кемелеріне

техникалық қызмет көрсету үшін жұмсалған шығындарды өтеу туралы мәселе әрбір нақты жағдайда жеке-жеке шешіледі.

7-бап Дауларды реттеу

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты даулы мәселелер Тараптардың консультациялар өткізуі немесе келіссөз жүргізуі арқылы шешіледі.

Осы Келісімнің ережелері басқа халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар қабылдаған міндеттемелерді қозғамайды.

8-бап

Келісімге өзгеріс пен толықтыру енгізу

Осы Келісімге Тараптардың жалпы келісім беруі арқылы өзгеріс пен толықтыру енгізілуі мүмкін, олар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамамен ресімделеді.

9-бап

Күшіне енуі

Осы Келісім Тараптардың осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажет мемлекетшілік

рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім барлық Тараптардың келісімімен оның мақсаттары мен қағидаттарын қолдайтын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және, егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, келесі бес жылдық кезеңдерге өздігінен ұзартыла береді.

Осы Келісімнің кез-келген Тарабы шығу туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жолдап, одан шығып кете алады. Бұл Тарапқа қатысты осы Келісімнің күші депозитарий осындай хабарлама алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін жойылады.

Бішкек қаласында 1999 жылғы 17 маусымда орыс тілінде бір дана түпнұсқада жасалды.

Түпнұсқа дана Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесінің Атқару комитетінде сақталады, ол әрбір қатысушы-мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасының Тәжікстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.